

Қазақ тележурналистикасының негізін қалаушы Марат Барманқұловтың 85 жылдығына орай «ӨНЕГЕМЕН ӨРІЛГЕН ӨМІР» атты виртуалды кітап көрмесі



...fruchtbarer Ebene, ist regelmäßig gebaut und von Mauern und Türmen umgeben, hat (1881) 9932, als Gemeinde 17150 E., in Garnison ein Bataillon des 8. Infanterieregiments und das 17. Kavallerieregiment (außer 2 Eskadrons), eine Stiftskirche mit Gemälden des hier geborenen Mulinari (gest. 1640), genannt Carraccino, eine Benediktinerabtei, großen Triumphbogen (Stadttor); Tuch-, Leinwand- und Seidenweberei und Handel mit Vieh und Hanf. — Am 4. und 5. Nov. 1799 siegten hier Russen und Österreicher unter Melas über die Franzosen (s. Fossano). S. ist Geburtsort der Violinspielerinnen Teresa und Maria Milanollo.

Savignano di Romagna (spr. -winnjā-, -mannja), Stadt im Kreis Cesena der ital. Provinz Forlì, an der Via Aemilia und der Linie Bologna-Rimini des Adriatischen Meeres, hat (1881) 2126, als Gemeinde 4561 E., und eine von dem hier geborenen Altertumsforscher Graf Borghesi (s. d.) gestiftete Akademie mit Bibliothek von 18000 Bänden und Münzsammlung.

Savigny (spr. -winnjib), Friedr. Karl von, Jurist, geb. 21. Febr. 1779 zu Frankfurt a. M., bezog 1796 die Universität Marburg. Nachdem er auch vorübergehend Göttingen, Leipzig und Halle sowie Jena besucht und einige Reisen gemacht hatte, begann er 1800 in Marburg jurist. Vorlesungen, zuerst als Privatdocent, seit 1802 als außerord. Professor. Auf mehrjährigen Reisen durch Deutschland und Frankreich widmete er sich der Auffindung unbekannter Quellen des röm. Rechts und der Rechtsgeschichte. 1808 wurde er Professor der Rechte in Landsshut und 1810 bei Errichtung der Universität in Berlin einer der ersten Lehrer an derselben, 1817 Mitglied des Staatsrats, 1819 Rat des für die Rhein. Provinzen errichteten Revisionshofs und endlich 1842 preuß. Minister für die Revision der Gesetzgebung. Er trat im März 1848 ins Privatleben zurück und starb 25. Okt. 1861 in Berlin. S. gehörte zu den Führern der sog. Historischen Schule der Rechtsgelehrten, obwohl man ihn, ohne Hugo und Schlosser Unrecht zu thun, nicht den Stifter derselben nennen kann. Innerhalb dieser Richtung trat S. zur Zeit der Befreiungskriege den Vorschlägen von Thibaut, Schmid, Gönner u. a., welche ein vaterländisches von dem röm. Recht unabhängiges Recht zu bilden, entgegen. S. hat S. die Notwendigkeit der schichtlichen Behandlung des Rechts hervorgehoben. Vgl. S.s Biographien von Sinsing (Berl. 1867), Rudorff (Weim. 1862), Bethmann-Zollern (Berl. 1867), Landsberg (Lpz. 1890) und die Beiträge zu seinem hundertsten Geburtstage.

Savigny (spr. -winnjib), Karl Friedr. von, preuß. Diplomat, Sohn des vorigen, geb. 18. Febr. 1814 zu Berlin, studierte in Paris, München und Berlin die Rechte, trat 1836 beim Staatsrat in Berlin als Auskultator ein, ging aber 1840 nach Burg-Ranteuffel. Unter dem Ministerium Stein'scher Ministerium wurde S. vortragender Rat in sächsischer Gesandtschaft am bad. Hofe, wo er erfolgreich die Annäherung Badens an Preußen wirkte, 1850 sächsischer Gesandter am bad. Hofe, wo er erfolgreich die Annäherung Badens an Preußen wirkte, 1850 sächsischer Gesandter in Dresden, 1862 in Brüssel. Von 1863 bis zu der gegen Preußen gerichteten Abstimmung vom 14. Juni 1866 war er preuß. Gesandter am Wiener Kongress. Vor seinem Austritt das Programm Preußens für den Aufbau einer neuen Bundesverfassung. S. führte S., zumeist mit Bismarck, die Friedensverhandlungen mit den deutschen Staaten, bis sich Preußen im Kriege befunden hatten. Hierauf wurde er zum Bevollmächtigten bei der Vereinbarung des Norddeutschen Bundes designiert. Im Juli 1868 trat er wegen Differenzen mit Bismarck in den einstweiligen Ruhestand und übernahm ein Mandat für den Reichstag des Norddeutschen Bundes. S. scharfer Opposition gegen die Regierung aus, wurde schließlich einer der Hauptführer der Reichspartei. 1871 schied er endgültig aus dem Staatsdienste aus. S. starb 11. Febr. 1873 in Frankfurt a. M.

Savile (spr. sämwil), George, engl. Staatsmann, s. Savoy.

Savio (lat. Sapis), ital. Fluß, kommt von Monte-Comero (1207 m), südlich von Genua und Cesena in der Provinz Forlì vorüber und mündet südlich von Ravenna ins Adriatische Meer.

Savitar, ind. Sonnengott, s. Sūrja.

Savitien (lat.), grobe Mißhandlungen.

Savitri, Tochter des ind. Sonnengottes Savitar. S. heißt auch die Tochter des Königs Acovant von dem Königreich Savitri, molchen. S. ist die Tochter des Satjavant, molchen. S. ist die Tochter des Satjavant, molchen. S. ist die Tochter des Satjavant, molchen.

Көрменің мақсаты:

*Отандық теледидар саласының тұңғыш зерттеушісі, іргелі теоретигі, жастардың гұлама ұстазы
Марат Кәрібайұлы Барманкұловтың еңбектерін оқырмандарға жеткізу және таныстыру*

Көрмеде әл-Фараби кітапханасының қорындағы әдебиеттерімен кітаптары ұсынылады

Көрме 3 бөлімнен тұрады

- 1. Отандық телевизия корифейі**
- 2. Марат Барманкұлов еңбектері**
- 3. Барманкұлов оқулары**



Көрмеге қысқаша шолу

1. Отандық телевизия корифейі.

Марат Кәрібайұлы Барманқұлов (1937-2000) – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, журналистика факультетінде 35 жылдан астам қызмет етті. 1965 жылдан бастап ол кафедраның ассистентінен филология ғылымдарының докторы, профессор, журналистика факультетінің күндізгі және сырттай факультеттерінің деканына дейін өсті. 2000 жылға дейін теледидар және радио журналистика кафедрасының меңгерушісі қызметінде болды

2. М. Барманқұлов әлемі.

М.К.Барманқұлов журналистика, теледидар, мәдениеттану және түркітануға арналған 20-дан астам монографияның авторы. Профессор М.К.Барманқұловтың шығармашылық және ғылыми қызығушылықтары ауқымды және көпқырлы.

Марат Кәрібайұлы өзінің ғылыми қызығушылығын Мәскеу, Стамбул, Сеул кітапханаларында жұмыс істейтін түркі тарихын зерттеуге бағыттады. Оның қаламынан архивтер, көне қолжазбалар мен шежірелер сөйлей бастады.

3. «Барманқұлов оқулары»

Артында өшпестей із қалдырған ғалым – ұстаз, профессор Барманқұловты еске алуға арналған жыл сайын әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың журналистика факультетінде дәстүрлі «Барманқұлов оқулары» өту дәстүрге айналған. Аталмыш іс-шара 20 жылдан астам уақыт өткізіліп келеді.

Отандық телевизия корифейі

Марат Барманқұлов 1937 жылы 13 ақпанда Алматы облысының Талғар қаласында дүниеге келген.

1954 жылы ол С.М.Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік университетінің филология факультетінің

журналистика бөліміне түсті. 1959 жылы аталмыш оқу

орынын тәмамдаған соң, Алматының теледидар

студиясында жұмыс істейді: бастапқыда тілші, содан соң редактор, комментатор, екі жыл бойы жауапты редактор

қызметінде болған.




БАРМАНҚҰЛОВ МАРАТ КӘРІБАЙҰЛЫНЫҢ ЕҢБЕКТЕРІ

Телевизия: бизнес әлде билік?
Алматы, «Қазақ университеті», 2007

Барманқұлов М.Қ. «Телевизия: бизнес әлде билік?» Бұл басылым тек Қазақстандағы ғана емес, сонымен қатар ТМД елдерінің және алыс шетелдердің тележурналистикасын қамтиды. Автор сұхбат, баспасөз мәслихаты, дөңгелек үстел, телекөпір, репортаж, эссе, деректі фильм, сән ток-шоулары сияқты жанрлардың қыр-сырымен оқырмандарды жан-жақты таныстырады, сондай-ақ телевидениедегі бизнес «акулаларының» қызметі - CNN, Internet және т.б. компаниялары туралы кең және мазмұнды ақпарат беріледі.



**Армысын Алатау, есенбісің Әверест
Алматы, «Қазақстан», 1989**



Армысың Алатау, есенбісің Әверест (Горных вершин имена) Асқар Алатаудың көптеген биік шыңдары қазақ халқының даңқты ұл-қыздарының есімдерімен аталады. Қолдарыңыздағы деректі әңгімілер жинағында, міне осы жайлар сөз болады. Қазақстандық альпинистердің көш басшылары Әверестке көтерілген Қ. Уәлиев пен В. Хрищатый, С. Чепчев, Е. Ильинский және т.б. ержүрек спортшылар туралы жазылған әңгіме-очерктер қызықты оқиға желісімен, әсерлі мазмұнымен оқырманды өзіне баурап алады




**Жанры печати, радиовещания и телевидения
Учебно-методическое пособие, Алма-Ата, 1974**

«Баспа, хабар тарату және теледидар жанрлары. Салыстырмалы талдау» журналистика факультетінің орыс және қазақ бөлімдерінде және сырттай оқу факультетінде оқитын студенттеріне арналған. «Эфир және телевизия негіздері» курсында қолдануға болады.

Оқу құралы.





Наследники белого лебедя
Алматы, «Рауан», 1995

«Ақ аққудың мұрагерлері» (Орыс жазушыларының түркі тамыры) Автор белгілі орыс жазушыларының (Бальмонт, Блок, Лермонтов, т.б.) шығармашылығын талдап, оқырманды шығыс, әсіресе, түркі поэтикалық дәстүрлерінің орыс тілді әдебиеттің дамуына зор ықпалы туралы ойға жетелейді. Басылым жоғары оқу орындарының гуманитарлық мамандықтарының оқытушылары мен студенттеріне арналған.



Журналистика для всех
Издательство «Казахстан», 1979

«Журналистика барлығына» (Баспа, телерадио хабарларын тарату жанрларының жалпы және ерекшелігі) Автор кей жағдайда жаңалық ұсынып, журналистік шеберліктің қырсырын аша отырып, баспа, телевидение, радио хабарларын таратудың әдіс-тәсілдерін саралайды. Газет жанрларының дыбыстық-бейнелік ерекшелігі олардың телевизия мен радиоға ауысуы кезінде айқындалады. Жанды, бейнелі тілмен жазылған кітап журналистерді де, қалың оқырманды да қызықтырады.

Весь мир у вас в квартире
Издательство «Казахстан», Алма-Ата, 1972

«Бүкіл әлем сіздің пәтеріңізде». Автор, белгілі журналист, С.М. Кирова мақалалар мен очерктер топтамасында еліміздегі, атап айтқанда Қазақстандағы радионың өндірісі, телерадио бағдарламалардың қалай дайындалатыны, кеңестік телехабар журналистикасының жаңа тенденциялары туралы әңгімелейді. Кітап бүгінде буржуазиялық насихаттың «бұқаралық коммуникация» құралдарын антисоветтік мақсатта қалай қолданатынына назар аударады.

Телевизия: ақша ма, әлде билік пе?
Алматы, «Қазақ университеті» 2020

Монография алыс және жақын шетелдердегі, Қазақстандағы тележурналистика мәселелеріне арналған. Автор тележурналистиканың жанрларына тоқталып, жиі қолданылатын түрлерін талдап, тың тұжырымдар жасайды. Ол әлемдік телебизнес аренасына шығып жатқан CNN сияқты ірі компаниялардың жұмысын бағалайды. Интернеттегі жаңалықтарды талдайды. Кітап журналистерге, студенттерге, БАҚ қызметкерлеріне және қалың оқырманға арналған. Монография әзірленіп, екінші рет ұсынылды.



Марат Кәрібайұлы Барманқұлов рухына арнау



1937-2000

ҰЛЫ ДАЛА ПЕРЗЕНТІ

*Ұлы дала ұлылардан кенде емес,
Ұлы рухтар көкте ұшып жүр, жерде
емес.*

*Ұлы дала төсінде жүр ойқастап,
Бұлың-бұлың сияқтанып кейде елес...
Ыстық еді, туған жердің әр қыры,
Ыстық еді, бораны мен жаңбыры.*

*Өз тұсында ауыр еді, жұрт білер
Ғылым шыңы - соған талмай өрлеген,
Осы жолда шаршап талып терлеген.*

*Журналистік мамандығымен қоса
Тарихқа да талай қалам тербеген.
Ол белгісіз, ғалым жолы болды ма,
Ол белгісіз, асып, тасып толды ма?..*

*Профессор - Марат Кәрібайұлы
Қалдырған-ды ұрпағына мол мұра.
Бұл да арман ғой, туар ма екен ондай
күн?*

*Бұл тағдырдан өтер дейсің тоңбай
кім?..*

*Білген қазақ ұлт перзенті Мәкеңді
Ешқашан да ұмытпас деп ойлаймын...*

Жұман Кенебай
23,10,2012

Қорытынды

Ұйымдастырушы: Әл-Фараби кітапханасы.

Көрменің оқырмандық бағыты: Университетке іс-шараға жиналған баспагерлер, публицисттер, аудармашылар, кітапхана пайдаланушылары – студенттер мен профессорлық-оқытушылық құрам, докторанттар, магистранттар, кітапхана қызметкерлер, т.б

Көрменің нәтижесі: Көрмеге қатысушыларға, Марат Барманқұловтың шығармашылығы дәріптеледі, журналистиканы сүйеге, оны бағалай білуге, сыршыл да шыншыл мақалаларының мәні мен маңызына үңілдіруге, рухани танымын кеңейтуге ықпал етті.

Көрме туралы ақпараттың жариялануы:

Әл-Фараби атындағы кітапхананың сайтында.

Біздің Instagram мен Facebook парақшаларымызда

Және Youtube арнамызда.

Өздеріңіздің сұрақтарыңызбен ұсыныстарыңызды біздің сайттың төменгі жағында орналасқан «Кітапханашыдан сұра» рубрикасында қоя аласыздар, сонымен қоса біздің электронды пошта немесе әлеуметтік желі арқылы ұсыныстарыңызды қалдыра аласыз.



**Назар аударғандарыңызға
рақмет!**

